3) создание благоприятного инвестиционного климата с целью наращивания экономического потенциала. Прибыльность и возврат от инвестиций.

4) создание эффективного частного сектора экономики и развитие государственно-частного партнерства. Государственное стимулирование экспорта [10].

При выполнении намеченных целей можем утверждать, что отечественное предпринимательство является движущей силой нового экономического курса.

Для нормального развития экономики, для обеспечения воспроизводства необходим постоянный приток средств. Количественный рост инвестиций, их направление в различные сферы хозяйствования зависят от правильной инвестиционной политики. Вложение средств в наукоемкие, высокотехнические и высокотехнологические программы влияет не только на производство товаров, их потребительские свойства, но и на условия труда, что, в конечном счете, не может не отражаться на развитии всего общества в целом. Инвестиции, вложенные в эту сферу, дают представление о качественном уровне инвестиций и инвестиционного процесса в целом. Качественный уровень и количественный рост инвестиций, их соотношение дают представление о проводимой государственной инвестиционной политике. Ее целью является поиск оптимального правового регулирования инвестиционной деятельности национальных и иностранных инвесторов [11].

Для сельскохозяйственного товаропроизводителя лизинг одновременно решает две важные проблемы – приобретение техники и финансирование этих операций. Лизинг позволяет сельскохозяйственным товаропроизводителям и переработчикам выкупать предметы лизинга в рассрочку, и цена этих предметов остается неизменной на весь период аренды. Преимущество лизинга в сфере агропромышленного комплекса состоит, кроме всего прочего, в том, что он не исключает, а даже предполагает и другие формы государственного регулирования, например налоговые и кредитные льготы. Техника, переданная в лизинг селу, не облагается налогом на имущество, так как до полного выкупа она принадлежит государству и находится на балансе сельскохозяйственных товаропроизводителей, которым предоставлены льготы по налогам.

Лизинг интересен всем субъектам лизинговых отношений: потребителю оборудования, инвестору, представителем которого в данном случае является лизинговая компания, государству, которое может использовать лизинг для направления инвестиций в приоритетные отрасли экономики, и, наконец, банку, который в результате лизинга может рассчитывать на уверенную долгосрочную прибыль.

Основные преимущества лизинга, наиболее актуальные с учетом особенностей экономической ситуацией, сложившейся в Казахстане на данном этапе, заключается в следующем:

1) для государства

При сложившейся экономической ситуации и острой необходимости в оживлении инвестиционной активности проблема развития лизинга приобретает для государства особую актуальность.

– Этот финансовый инструмент способствует мобилизации финансовых средств для инвестиционной деятельности.

– Обеспечивает посредством своего механизма гарантированное использование инвестиционных ресурсов на цели переоснащения производства.

– Государство, поощряя лизинговую деятельность и используя для этого, например, налоговые льготы, может существенно уменьшить бюджетные ассигнования на финансирование инвестиций, эффективно управлять процессом совершенствования их отраслевой структуры, содействовать

развитию товарного производства и сферы услуг, повышению экспортного потенциала, сокращению оттока частного российского капитала на Запад, созданию дополнительных рабочих мест, особенно в сфере малого предпринимательства, решению других насущных социально-экономических задач [12].

2) для лизингополучателя

– При наличии рентабельного проекта потребитель имеет возможность получить оборудование и начать то или иное производство без крупных единовременных затрат. Это особенно актуально для начинающих мелких и средних предпринимателей.

– Уменьшение размеров налога на имущество предприятий, поскольку стоимость объектов лизинга, хотя это и не обязательно, но в большинстве случаев, отражается в активе баланса лизингодателя. При осуществлении оперативного лизинга предмет лизинга учитывается на балансе лизингодателя.

– Согласно Закона Республики Казахстан “О финансовом лизинге” ко всем видам движимого имущества, составляющего объект лизинга и относимого к активной части основных фондов разрешено применять механизм ускоренной амортизации с коэффициентом не выше 3.

– У лизингополучателя упрощается бухгалтерский учет, так как по основным средствам, начислению амортизации, выплате части налогов и управлению долгом учет осуществляет лизинговая компания.

– В договоре лизинга можно предусмотреть использование более удобных, гибких схем погашения задолженности [13].

– Ко всем перечисленным случаям можно добавить и вариант, при котором сам банк становится лизингополучателем. Это весьма выгодно для банка, так как при этом облегчается баланс банка, что в свою очередь положительно отражается на экономических показателях, характеризующих банковскую деятельность. Например, при лизинге стоимость незавершенного производства постепенно включается в себестоимость и не будет пагубно влиять на категорию “капитал” и, следовательно, на расчеты обязательных экономических нормативов деятельности кредитных организаций.

3) для лизингодателя

– Для лизинговых компаний как инвесторов лизинг обеспечивает необходимую прибыль на вложенный капитал при более низком риске (по сравнению с обычным кредитованием) за счет действенной защиты от неплатежеспособности клиента.

– До завершающего платежа лизингодатель остается юридическим собственником оборудования, так что в случае срыва расчетов может востребовать это оборудование и реализовать его для погашения убытков.

– В случае банкротства лизингополучателя оборудование также в обязательном порядке возвращается лизинговой компании.

– Лизингодателем передается лизингополучателю не денежные ресурсы, контроль над использованием которых не всегда возможен, а непосредственно средства производства.

– Освобождение от уплаты налога на прибыль, которая получена от реализации договоров финансового лизинга со сроком действия не менее трех лет.

– Лизингодатель частично освобождается от уплаты таможенных пошлин и налогов в отношении временно ввозимой на территорию Республики Казахстан продукции, являющейся объектом международного лизинга [14].

4) для продавцов лизингового имущества

В развитии лизинга заинтересованы не только лизингополучатели как потребители оборудования, но и действующие производства, поскольку за счет лизинга расширяется рынок сбыта производимого ими оборудования. Увеличивается доход от реализации запчастей к лизинговому оборудованию, осуществление его сервиса и модернизации. Лизинг стал находить отражение и в некоторых нормативных документах, регулирующих банковскую деятельность. Банки оценили целесообразность использования в своей практике лизинговых операций по-разному.

На первом этапе для большинства банков были характерны попытки осуществления лизинговых сделок, в которых они непосредственно выступали в роли лизингополучателя. Это вносило изменения в структуру банков – выделялись самостоятельные подразделения либо секторы лизинга

в их инвестиционных департаментах и управлениях. Однако широкого развития на этом этапе лизинг не получил.

Тем не менее, привлекательность лизинга как инструмента для осуществления инвестиционной деятельности, снижающего риски, продолжает интересовать финансовые институты, которые начали искать оптимальные пути и формы его применения [15]. Первоочередная проблема, решаемая любой лизинговой компанией, – поиск стабильных источников финансовых ресурсов для закупки лизингуемого оборудования. Эта проблема автоматически решается в лизинговых компаниях, созданных при участии коммерческих банков [16].

Таким образом, одним из важных аспектов, оказывающих влияние на эффективность использования финансового лизинга на предприятиях агропромышленного комплекса, является непосредственное принятие решения об его использовании в своей хозяйственной деятельности. Процесс разработки природных ресурсов в нашей стране, развитие инфраструктуры, коммуникаций и информатики остается важным фактором, оказывающим свое влияние на экономический рост, социальную сферу, а также занятие Казахстаном достойного места в современном международном сообществе. Важным моментом является необходимость привлечения правильных и выгодных инвестиций и жесткого контроля со стороны государственных органов в капиталоемкие отрасли экономики. Ввиду вышеизложенного можем утверждать, как такое молодое понятие в теории права как «финансовый лизинг» является рентабельным для достижения намеченных целей перед нашим государством.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Назарбаев Н.А. Через кризис к обновлению и развитию. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Официальный сайт Президента РК. – <http://www.akorda.kz>;
- [2] Назарбаев Н.А. Новая Экономическая Политика «Нұрлы Жол» Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Официальный сайт Президента РК. – <http://www.akorda.kz>;
- [3] Варыгин, Д.С. Проблемы и перспективы развития финансового лизинга в агропромышленном комплексе / Д.С.Варыгин // Вестник ИНЖЭКОНа. – №7 (26). – СПб.: СПбГИЭУ, 2008. - С.192-195.
- [4] Горемыкин, В.А. Основы технологии лизинговых операций / В.А.Горемыкин. - М.: Информцентр XXI века, 2005. – 944 с.
- [5] Закон Республики Казахстан от 5 июля 2000 года № 78-ІІ «О финансовом лизинге» // ЮРИСТ - тексты нормативных правовых актов, нормативно - технической документации, комментарии к законодательству Республики Казахстан, решения Верховного Суда, обзоры судебной практики <http://online.zakon.kz/>
- [6] Гражданский кодекс Республики Казахстан от 1 июля 1999 года № 409-І » // ЮРИСТ - тексты нормативных правовых актов, нормативно - технической документации, комментарии к законодательству Республики Казахстан, решения Верховного Суда, обзоры судебной практики <http://online.zakon.kz/>
- [7] Иваницкая И.И. Инвестиции и инвестиционная политика // Вестник Научно-исследовательского центра корпоративного права, управления и венчурного инвестирования Сыктывкарского государственного университета <http://koet.syktsu.ru/vestnik/>
- [8] Мауленов К.С. Государственное управление и правовое регулирование в сфере иностранных инвестиций в Республике Казахстан. – А.: «Жеті Жарғы». – 2000. – 64 с.
- [9] «Казахстан – 2030. Процветание. Безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев». Послание Президента страны народу Казахстана. – А. – 1997. – 13 с.
- [10] Назарбаев Н.А. Стратегия 2050 «Новый политический курс состоявшегося государства» Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Официальный сайт Президента РК. – <http://www.akorda.kz>
- [11] Фархутдинов И.З., Трапезников В.А. Инвестиционное право: учеб.-практ. пособие. / М.: «Волтерс Клувер», 2006. – С. 37-46.
- [12] Минько Э. В. Основы коммерции: Учебное пособие. 2-е изд. Стандарт третьего поколения // Коммерческие обязательства финансовой аренды (лизинга) – 23 с.
- [13] «Библиотека бухгалтера и предпринимателя» май 2004г. – 21 с.
- [14] Чекмарева Е.Н. Лизинговый бизнес.- М.: «Экономика», 2005 г –57 с.
- [15] Назарова М.Г. Финансово-экономический словарь под ред.. – М.: “Финстатинформ”, 2000. – 74 с.
- [16] Старик Д.Э. Расчеты эффективности инвестиционных проектов - М: «Финстатинформ», 2005. – 41 с.

REFERENCES

- [1] Nazarbayev N.A. Through crisis to renewal and development. Message from the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan // Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. - <Http://www.akorda.kz>;
- [2] Nazarbayev N.A. The New Economic Policy «Nurly Jol» Presidential Address to the people of Kazakhstan // Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. - <Http://www.akorda.kz>;

- [3] Varygin, D.S. Problems and prospects of development of financial leasing in the agricultural sector / D.S.Varygin // Bulletin ENGECON. - №7 (26). - SPb. : SPbGIEU, 2008. - S.192-195.
- [4] Goremykin, V.A. Technology Basics leasing / V.A.Goremykin. - M. : Information Center XXI Century, 2005. - 944 p.
- [5] The Law of the Republic of Kazakhstan dated July 5, 2000 № 78-II «On Financial Leasing» // Lawyers - texts of regulations, normative - technical documentation comments to the legislation of the Republic of Kazakhstan, Supreme Court decisions, judicial review <http://online.zakon.kz/>
- [6] The Civil Code of the Republic of Kazakhstan dated July 1, 1999 № 409-I »// Lawyers - texts of regulations, normative - technical documentation comments to the legislation of the Republic of Kazakhstan, Supreme Court decisions, judicial review <http://online.zakon.kz/>
- [7] Ivanitskaya I.I. Investments and Investment Policy // Bulletin of the Research Center of corporate law, management and venture investment Syktyvkar State University <http://koet.syktsu.ru/vestnik/>
- [8] Maulenov K.S. Public administration and regulation of the foreign investments in the Republic of Kazakhstan. - A. : "Zheti Zhargy." - 2000. - 64 p.
- [9] Nazarbayev N.A. «Kazakhstan - 2030. Prosperity. Safety and the welfare of all Kazakhs». Message from the President to the people of Kazakhstan. - A. - 1997. - 13 p.
- [10] Nazarbayev N.A. Strategy 2050 "New policies established state" Presidential Address to the people of Kazakhstan // Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. - [Http://www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- [11] Farkhutdinov I.Z., Trapeznikov V.A. Investment Law: Proc. allowance. / M. : "Wolters Kluwer", 2006. - P. 37-46.
- [12] Minko E.V. Basics commerce: Textbook. 2nd ed. Third-generation standard // Commercial commitments of financial lease (leasing) - 23.
- [13] "The Library accountant and entrepreneur" in May 2004. - 21 seconds.
- [14] Chekmareva E.N. Leasing biznes.- M. : "Economics", 2005 -57 p.
- [15] Nazarov M.G. -economic .Finansovo Dictionary, ed .. - M. : "Finstatinform", 2000 - 74.
- [16] Starik D.E. Calculations of efficiency of investment projects - M: "Finstatinform", 2005 - 41.

**ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІРІНІҢ
ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ШЕҢБЕРІНДЕ «НҰРЛЫ ЖОЛ» БАҒДАРЛАМАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ**

А. Т.Салыхбаева, К.А.Нурбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: қаржы лизингі, лизингтік инвестиция, лизингтік операциялар, инвестициялық саясат, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік саясат, қаржыландыру.

Аннотация. Бұл жұмыстың мақсаты қаржылық лизинг тұжырымдамасын инвестициялар нысаны ретінде кең ашып көрсету, агро өнеркәсіп кешенінде, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын ашып көрсету болып табылады. Жұмыстың әдістемесі диалектикалық әдісі, нақты тарихи, салыстырмалы, әлеуметтік зерттеу әдістері мен модельдеу және болжау әдісі құрады. Жұмыстың нәтижелері Қазақстанның лизинг мекемесі бұдан әрі дамытуды қажет етеді деген тұжырым. Автор лизингтік операциялар саласындағы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық секторында инвестициялар нысаны ретінде, мемлекеттік реттеудің теориялық және практикалық мәселелерді жан-жақты қарауды тырысты. Бұл зерттеуде, сондай-ақ Қазақстанда «Жасыл экономиканы» дамыту үшін негіз ретінде «Нұрлы жол» бағдарламасын мемлекеттік саясаттың жүзеге асыру, сондай-ақ лизингтік мәмілелерді мемлекеттік реттеу ерекшеліктеріне қатысты аспектілері қарады.

Автор алынған нәтижелерді қолдану өрісі, заң институты ретінде қаржы лизингін қамтамасыз қаржылық заңнаманы жетілдіру болып табылады. авторлық қорытындылар қаржылық пәндер және азаматтық құқық заң факультеттерінің оқыту пайдаланылуы мүмкін.

Поступила 22.05.2015 г.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 3, Number 355 (2015), 243 – 249

SCIENCE AND KNOWLEDGE AS THE MAIN CONDITION FOR THE DEVELOPMENT OF SOCIETY AND INDIVIDUAL

R. K. Doszhan

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Kew words: science, knowledge, society, thinker, philosophy, culture.

Abstract. In the suggested article, the author discusses the high role of intelligence, knowledge, science in the society development based on the examples of works of great Kazakh thinkers Ch. Valikhanov, A. Kunanbayev and Sh. Kudayberdiev. All of them preached the importance the Enlightenment and spiritual development for Kazakh society. According to Abay and Shakarim, knowledge, science is the beginning of the root from which all the others depend on the aspects of human spirituality. As for well-known enlighteners, the purpose and meaning of human existence can be effectively achieved and implemented under the condition that the person understands the knowledge, science as a whole, creating a basis for the implementing of his work. According to the philosophers, it is important not only to raise the level of knowledge and know the truth, but also need to be clear: what are the ways to achieve these goals. First of all, science should be made for a permanent exchange of views, the confrontment of views, discussions, only human consciousness expands and moves forward, the conditions for the attainment of truth. In case the inquiring mind is devoted to science, it, in turn, rewards him and reveals its infinite possibilities thoroughly and comprehensively grasp the mysteries of existence. Thoroughly, having been devoted to science knowledge, the person gets an endless opportunity to meet their mental requests for the opening of the world. Science and knowledge are the main prerequisite for the development of society and the individual.

ӨОЖ [130.2:[001+37]](=512.122)

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ – ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

Р. К. Досжан

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Тірек сөздер: ғылым, білім, қоғам, ойшыл, философия, мәдениет.

Аннотация. Берілген мақалада автор қазақтың ұлы ойшылдары Ш. Уәлиханов, Абай Құнанбаев және Шәкәрім Құдайбердиев шығармаларының негізінде әлеумет дамуындағы ақыл, білім, ғылымның алатын маңызды рөлін талқылайды. Олардың барлығы қазақ қоғамы үшін ағартушылық және рухани даму идеясының маңыздылығын уағыздады. Абай мен Шәкәрімнің түсінігінде ғылым – бұл адамзат руханилығының барлық жақтарының түп тамыры, яғни бастамасы. Осындай атақты ағартушылардың ойынша, адамзат тіршілігінің мақсаты мен мәні адам өз шығармашылығын жүзеге асыру үшін негіз тудыра отырып білім, ғылым меңгерген жағдайда ғана шынайы қол жеткізіп, жүзеге асыра алады. Философтардың пікірінше, тек қана білім деңгейін көтеріп, шындықты тану ғана маңызды емес, сонымен қатар сол мақсаттарға жету үшін қандай әдіс амалдардың бар екенін білу қажет. Ең алдымен, ғылым саласында үнемі пікір алмасуға, көзқарастар соқтығысына жағдайлар жасалуы тиіс, тек сонда ғана адам санасы кеңейіп, алға жылжиды, шындыққа жетуге жағдай жасалады. Егер ақын ғылымға берілген болса, ғылым оны міндетті түрде жарылқайды, және болмыстың бар құпиясын терең әрі жан жақты ашуға мүмкүндіктер береді. Таным ғылымына толықтай беріле отырып адам қоршаған әлемді тану үшін өзінің ой-сұрақтарын қанағаттандыру үшін шексіз мүмкүндіктер алады. Ғылым мен білім қоғам мен тұлға дамуының басты шарты ретінде қызмет етеді.

Кіріспе. Қазақ халқының дамуға жетуіне, сол заманғы өркениетке қосылуына мүмкіндік беретін бір ғана жол ретінде қазақтың ұлы ойшылдары ағартушылық идеясын, білім идеясын, ғылым идеясын ұсынды. Олардың пікірінше, егер қазақ халқы қажетті білімді алса, бар күшімен ғылымға жармасса, онда өзінің ғасырлар бойғы артта қалушылығын жеңеді. Міне, сол себепті ағартушылар қазақ халқын бұлжымайтын даму жолына апаратын күдіретті идеяны ғылымда, ағартушылықта, білімде деп көрді.

Негізгі бөлім. Шоқан Уәлиханов, Абай, Шәкәрім және қазақтың басқа да ағартушылары өздерінің даму идеяларын халқының Ресей империясының қол астына кіріп, әбден жаулап алынған кезінде ұсынды. Сол кезде қазақ халқы үшін сол тұғырықтан шығудың бір ғана жолы қалды: ол – еуропалықтар мен ресейліктердің өмір сүру формасын үйрену, яғни бәсекеге қабілетті болу еді. Бұл идея қазақ халқының ауыр жағдайдан шығуының жалғыз ғана өмірлік формасы болды. Нақ осы идея қазақ халқына дамуға, бұлжымайтын дамуға шабыт берді.

Зерттеудің әдістері.

- XIX ғасыр ортасында Ресей оқу орындарында тәрбие алған шығыстанушы ғалымдар Ш. Уәлиханов, хакім А. Құнанбаев, өз заманының үлкен ойшылы Ш. Құдайбердіұлы қарастырған мәселелер мен мәдениет дамуларына байланысты жазған еңбектерін, білім-ғылым идеяларын саралау;

- Абай шығармашылығы арқылы адамның кісілік келбетінің сақталып қалуындағы білімнің, еңбектің рөлін байыптау;

Қорытынды. Шоқан, Абай, Шәкәрімдердің толғамдары өткеннің тәжірибесін қорыту, халықтың сенімді болашағы үшін жол іздеу талабынан туған. Халықты ғасырлар бойында тұмшалап келген қараңғылық тұманынан арылтып, өркениеттің даңғыл жолына түсіру қажеттіктері мәселелерінде ойлары өте орайлас шығады. Өздерінің тарихи-этнографиялық, фольклорлық еңбектерінде қазақ халқын көркейтудің амалы оқу-білім жүйесін жақсартуда деп көрсетеді. Мұның бәрін Шоқан, Абай, Шәкәрімдер өмір кешкен дәуірдің тарихи-әлеуметтік мұқтаждары мен сауаптарының сабақтастығынан туындаған құбылыстар деп те қарауға болады.

Ресейге қосылу нәтижесінде Қазақстанда халық ағарту ісін ұйымдастыру және басқаруда ілгерілеу байқалды. Қарастырылып отырған ағартушылық идеология нақты-тарихи шындық болып табылады. Ресейге қосылу оның мәдениетімен кең танысу және сол арқылы еуропалық өркениеттен сусындау Ресейге бодан кезеңінің нәтижесі болып табылғанымен, қазақ ағартушылығы дүниежүзілік ағартушылық ойдан оқшауланбай, керісінше, онымен ортақтастыққа XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы жалпыресейлік қозғалыстың ықпалы тиген дербес құбылыс дамыды. Сондықтан Қазақстан ағартушылық идеологиясын оқып үйренуде жалпы ағартушылық құбылысына тән белгілермен қатар оны тудырған мәдени-әлеуметтік ортаның ерекшелігіне де баса назар аудару қажет.

Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуына XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе, революциялық демократизмнің ықпалы қатты әсер етті. Орыс революционер-демократтарының идеалдары Қазақстан ағартушы-демократтарының жанына жақын келді. Олардың кейбірі (Уәлиханов, Абай, Алтынсарин, Шәкәрім) Н.Г. Чернышевскийдің, Н.А. Добролюбовтың, А.И. Герценнің, В.Г. Белинскийдің еңбектерімен, ал кейбірі (Уәлиханов, Абай) авторларымен таныс болатын.

Жастарға ғылым таппай мақтанбауды, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сияқты мінездерден аулақ болуды кеңес етеді.

«Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсан, әрқалан.

Сен де – бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан!», – деп, әр адам қоғамда өзінің орнын алуы керектігін, ол үшін өнер мен білімге ұмтылуы қажет екендігін айтады [1].

Ресей империясының құрамына кіріп, сіңісе бастаған шақта қазақ халқының орысша сауатын ашу қажеттілігі туындады. Енді халық тек араб-парсы тілдеріндегі Шығыс ғұламаларының кітаптарын ғана емес, сонымен бірге орыс тілін де оқып үйренді. Орыс ойшылдарын, олардың еңбектерін оқып, білу негізінде Шоқан, Абай, Шәкәрімдер жаңа идеялар ұсынады. Қазақ халқының

прогрессивті дамуын ағартушылар халық санасын оятуға, әлемге, әлемдік мәдениетке ашылуына мүмкіндік беретін білім, ғылымды дамытуда деп көрді.

Қазақ ағартушылығы Шоқан Уәлихановтан басталады. Уәлихановтың ата-бабалары жалпы Ресей империясына қосылуды қолдады. Еуропалық білім алған Шоқан Уәлиханов білімді адам болды, еңбектері ел ішінде де, шетелдерде де жарық көрген философ, ғалым, ірі шығыстанушы болды. Уәлиханов тарихты, Еуропа, Азия, Ресей империясының көптеген халықтарының әлеуметтік жағдайын терең зерттеген.

Өзінің Қашқарияға сапарынан кейін, Қашқария тұрғындарының өмірін зерттей келе, қазақтар үшін осы қиын жағдайдан шығудың бір ғана жолы – бұл өмір сүру формасын түбегейлі өзгерту керек деген шешімге келеді. Ол қазақтардың ескі өмір салтымен енді өмір сүре аламайтынын, ескі өмір салты бұзылатынын түсінді. Сондықтан өткен өмірге ешқандай қайғы, жас, өкініштер көмектеспейді. Қазақтар үшін жалғыз жол – бұл өмір салтын өзгерту, өркениетті өмірге қосылу, үйрену. Сол себепті, ол ағартушылық, білім, ғылым идеясын уағыздады, және өзі үлгі ретінде ірі ғалым, Ресей империясында ең білімді адамдардың бірі болды.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының артта қалушылығының себептері туралы көп және жиі ойланып, толғанды. Сөйте тұра ойшыл қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуын тежеген қазақтардың тұрақсыз көшпенді өмір салтына аса үлкен назар аударады. Сонымен қатар, ағартушы халықтың қараңқылығына, білімінің жеткіліксіздігіне, надандығына сілтейді. Сол себепті, Ш. Уәлиханов отырықшылық пен егін егудің артықшылықтарын негіздей келе қазақ халқын отырықшылық өмірге шақырды. Ол, сонымен қатар, білімнің, ағартушылықтың қажеттілігін дәлелдеді.

Ағартушы ең алдымен көңілін болашаққа аударды. Сөйтіп, үмітін халқының білім алуына, ағартушылыққа артты. Халқының саяси белсенділігін арттыру үшін және өз бостандықтарын қолдана алатындай ету үшін оларға білім беру қажет деп есептеді. «Халықтың дұрыс өсіп, дамуы үшін, ең алдымен, бостандық және білім қажет», – деп жазды Ш. Уәлиханов [2]. Оның пікірінше, онсыз барлық әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік реформаларды халық түсінбейді және қабылдамайды.

Дәл осындай білімді, ғылымды, ағартушылықты үгіттеу бағдарламасымен Абай да сөйледі. Абай да Шоқан Уәлиханов сияқты ағартушы, бірақ Абай өзінің ағартушылық жолында әлдеқайда ілгерірек басты. Біріншіден, ол білімді адам өмірін, болмысын өзгертудің негізі деп есептеді, оған қоса білім, ғылымды үгіттегеніне қарамастан қазақтардың өмір сүру формасын қатты сынға алды, халқының артта қалушылығының себептерін ашты [3].

Абай тек қана ағартушылық, білім, ғылым және т.б. қажеттілігін, маңыздылығын айтып қана қойған жоқ. Ол қазақ қоғамының санасын үлкен сынға ұшыратып, сол негізде қазақ тек біліп, оқып қана қоймай, білімді өз болмысын өзгертудің негізі ету керек деген шешімге келеді.

Абай әдісінің жаңашылдығы философияның білімді, ағартушылықты, ғылымды үгіттей отыра сол мәселені тұтас тұлға қалыптастыру мәселесімен байланыстыруында жатыр. Ойшыл қазақ қоғамының түкке жарамсыз өмір сүруін, олардың шала, бір жақты екенін, олардың өмірі тек жана-шырлықты туындататынын айта келе өзінің тұтас тұлға туралы түсінігін берді.

Абай қазақтың тек білімсіздігін, қараңғылығын ғана сынап қана қоймай, олардың өмір сүру формасын, барлық санасын, құндылықтарын, көзқарастарын, балаларды тәрбиелеуін, әйелге деген, бір-біріне деген қарым-қатынасын да сынға алды. Философ ескі қазақ өмірінің жоқтығын, оның өркениетті өмірмен, сонымен қатар халықтың өнегелі өмірімен еш ортақтығы жоқтығын көрсетті [4].

Қазақ философы өз еңбектерінде қазақ санасындағы өркениетті мәдени құндылықтарға сай келмейтін, жаңа өмірдің қағидаларына қайшы келетін ескі түсініктерді білімнің жеткіліксіздігінен екенін түсіндіре келе қатты сынға алады.

Ойшылдың пікірінше, қазақ адамның дамуы үшін шынымен маңызды болып табылатын жақсы мен жаманды, жақсылық пен жауыздықты айыра алмайды. Мұның бәрі қазаққа шынайы, мәдениетті, өркениетті болуға кедергі жасайды. Оның ойынша, кемшіліктердің барлығын білім, ғылымның арқасында ғана жеңуге болады. Міне, сол себепті, білім, ғылым, ағартушылық, қазақ ойшылының пікірі бойынша, халықтың да, жеке тұлғаның да дамуының көзі болып табылады [5].

Абай халқын әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосуға тырысты, өз отандастарын рухани кедейліктен біржола құтқарғысы келді. Абай осы мақсатта көп іс атқарды. Оның терең мағыналы, көркемдік жағынан құнды лирикалық және философиялық өлеңдері халықтық поэзиямен байланысты.

Абай үшін білім – қандай да бір игіліктерге жету құралы емес, адам дамуының іргелі негізі. Білім адам жанын ағартып, оны рухани байытады.

Шынайы, тұтас тұлға қалыптастырудағы күрделі мәселе жөнінде ойлана келе Абай нағыз адам қалыптастырудың бірден бір жолы білім, ағартушылық болып табылады деген шешімге келеді. Ойшылдың айтуынша, оқу, білім, ғылымның негізінде ғана адам өмірлік сындарды абыроймен көтере алады және дұрыс шешімдер қабылдай алады. Философтың пікірінше, оқу, білімді меңгеру жалпы адамның, халықтың, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының бастамасы болып табылады [6].

Әрине, шығыс мәдениетінде де білім туралы көптеген ойларды, білімсіздікке, надандыққа қарама-қарсылық ретінде оқу, білімнің қажеттілігі туралы ойларды кездестіруге болады. Алайда, қазақ философының түсінігінде білім категориясы терең тамырлы, іргелі мәнге ие, және оның барша этикалық философиясының алғашқы бастамасы болып табылады [7].

Шынайы білім мен ақылға ие болу үшін әрдайым оқып, еңбек етіп, кездесетін қиыншылықтардан қорықпай жаңа міндеттер мен мақсаттар қоя білу қажет. Егер адам оқуды, еңбек етуді, өзін өзі жетілдіруді тоқтатса, оның ақылы да, білімі де әлсірейді. Ондай адам зерттеуін, еңбек етуін, оқуын, білім алуын тоқтата келе өзінің дамуын да тоқтатады, өзін байытуды тоқтатып қана қоймай, бар білгенін жоғалтып алуы мүмкін [8]. Сондықтан, ойшылдың пікірінше, жан қабілеті әрдайым дамуды, жетілдіруді талап етеді.

Сөйтіп, Абай өз философиясында тән мен жанның өзара байланысын зерттей келе, келесіні айтады. Адамда қабілеттің екі түрі бар – жан және тән қабілеті. Тән қабілетімен қабылданған білім болады, жан қабілетімен қабылданған білім бар, алайда егер адам осы қабілеттерге зиян келтіретін кеселдерден бойын аулақ ұстаса, онда бұл қабілеттің екеуі де шынайы болады [9].

Жоғарыда айтқанымыздай, Абайдың пікірінше ақылды дамытуға болады, оқудың арқасында, ақылды адамдармен араласу арқылы ақылды, білімді адам болуға болады. Бұл мәселеде мақсаттылық, сонымен қатар өз ақылын дамытуға және лайықты адам болуға тырысу үлкен мағынаға ие.

Абай, сонымен қатар, түрлі мақсаттарға қоса оларға жетудің түрлі тәсілдері бар екенін айтады. Адамға тек өзін-өзі жетілдіруге бағытталған шығармашылық еңбек пен танымы мен қабілетін дамыту тән екенін дәлелдейді. Ал зорлық пен алдау арқылы қол жеткізетін байлық пен билікке талпынуды адамға тән емес қасиет ретінде айқындайды. Абайдың ойынша, жетістікке жетудің ондай мақсаттары мен әдістері адамды төмендетіп қана қоймай, оған және оның айналасындағыларға зұлымдық пен бақытсыздық әкеледі [10].

Абай адам өзінің іс-әрекетінде айналасындағылардан қолдау мен құптауды қажет ететінін түсінді. Алайда, философтың пікірі бойынша, адам жағымпаздық пен шынайы қолдауды айыра білуі қажет. Кез келген жағдайда еңбекке қатысты, сондай-ақ өмір барысында туындайтын мәселені шеше білуіне қатысты іс-әрекет құпталса, онда ондай құптау игі болып есептелінеді.

Осылайша, ойшыл кез келген мақсат пен кез келген талапты ықыласқа лайық деп есептеді. Абай адамдарды шынайы мақсаттарға – өзіне де, халқына да пайда әкелетін білімге талаптануға шақырды. Философтың көзқарасы бойынша, адамға тән емес ең жарамсыз мақсат – бұл басқа адамдардан асу мақсатына бағытталған мақсаттар болып табылады.

Абайдың ойынша, еуропа халықтарының дамыған, мәдениетті болуы терең білімнің және ғылымды жоғары бағалауының арқасында. Тап осы білім еуропалық экономиканың, өндірістің, мәдениеттің және т.б. негізі болды.

Абай білімнің ең жоғарғы формасы ғылым болып табылатынын айтады. Ғылым жасау үшін, ғылыми білімді игеру үшін, ең алдымен, ғылым мен білімді құрал ретінде емес, мақсат ретінде түсіну керек: «... ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады...» [11]. Егер сіз әлемді тану мүмкіндігі ретінде ғылымды, білімді сүйсеңіз, әлемді тану процесіне, өзіңіздің таным қабілеттеріңізді жетілдіруге тұтастай және толығымен берілсеңіз, онда ғылым сізге міндетті түрде сый береді, сіз ғылымның құпияларын терең әрі жан-

жақты игеруге мүмкіндік аласыз. Ғылым қиыншылықтардан қорықпайтын, заттар мен құбылыстардың мәнін тануға талпынған адамдарға беріледі. Егер сіз ғылымға қандай да бір басқа мақсаттарға жету құралы ретінде қарасаңыз, онда ғылымның сізге деген қарым-қатынасы, сіздің ғылымға деген қарым-қатынасыңыз да үстіртін болатынын айтады.

Сондай-ақ, Абайдың пікірінше, ғылыммен айналысқан кезде, ең алдымен, шындыққа қарай тырмысуыңыз керек, егер сіз бар күшіңізбен шындықты тануға талпынсаңыз, онда міндетті түрде заттар мен қоршаған әлем және адам құбылыстарының мәнін, құпиясын және ішкі байланыстарын анықтауға мүмкіндік аласыз. Ғылымға деген мұндай қарым-қатынас адамды сөзсіз жарылқайды. Ғылымның құпияларына үңіле отыра, тануға жан-жақты беріле келе сіз шынайы ләззат аласыз [12].

Оған қоса қазақ философы білімді, ғылымды айналадағылардан асу үшін, өзіңді басқалардан жоғары қою үшін игермеу керектігін айтады. Ал егер адамның мақсаты сол болса, онда ғылым атақ-құмарлықтың көзіне айналады. Ойшылдың пікірінше, ғылым мен білімнің басқа біреулерден асу құралына айналуы ғылымға деген шынайы қарым-қатынасқа сай келмейді.

Абай бойынша, білімді тереңдету мен кеңейту ғана маңызды емес, сонымен қатар ғылым мен білімді жетілдірудің әдістерін де игеру қажет. Ол үшін әрдайым пікір алмасу керек. Әркез қарым-қатынас, талқылау қажет, тек шынайы ғылыми талқылау, дискуссия болса ғана, ғылым алға жылжи алады, шындыққа жан-жақты қол жеткізу мүмкіндігі туындайды [13].

Философ сонымен қатар, шындыққа жетуге және жаңа ғылыми білім алуға кедергі келтіретін зиянды әрекеттерге арнайы тоқталды. Мұндай зиянды әдеттерге, Абайдың пікірінше, ең алдымен аңқаулық, үстіртін көзқарас, басқа ғылымдардың пікіріне немқұрайлы қарап, сын көзбен қарамаушылық және т.б. жатады.

Білім идеясының жалғасын әрі қарай Шәкәрім шығармашылығынан табамыз. Оның идеяларының көпшілігі дерлік Абайдың пайымдауынан бастау алады, оны жалғастырады, жетілдіреді. Өмірінің соңына дейін оқу мен ізденіске, дүниенің терең тылсымына мән беріп, ой жүгірткен ақын ғылымның маңыздылығына айрықша мән берген.

Өзінің «Насихат», «Сынатар сың өзінді», «Үш-ақ түрлі өмір бар», «Сен ғылымға...», «Ғылымсыз адам айуан», «Жасымнан жетік білдім түрік ілін» сияқты көптеген өлеңдерінде Құдайбердіұлы Абайдың ағартушылық идеяларын одан әрі жалғастырады [14].

Бұқараны оятуға ұмтылады, ғылымға жетелейді. Еңбек етуге, мәдениетті елдерден үлгі алуға шақырады.

Білімнің күші, оқи білудің, сауатты болудың қажеттілігі жөніндегі идеялар Абай мен Шәкәрімге дейінгі кезеңде де белгілі болатын. Бірақ білімнің жаңалығы тек оқу, білу, үйренуде емес, білім – мемлекет дамуының, өркендеуінің, өсуінің түп негізі деген ағартушылық идеясын Абай мен Шәкәрімнің еңбектерінен табамыз. Адамның рухани өсіп-өнуі келешекте оқуда, білімде, өнерде болады деген Абайдың ойларын Шәкәрім тереңдете түсті.

Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт.

Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.

Қай ғылымды білсеңіз де, қазір оны елге жай.

Құр ішінде кеткенінше пайдалансын өзгелер...[15] – деп, Шәкәрімнің оқуға, білімге, ғылымға шақыруының себебі ХХ ғасырдың басындағы тарихи кезеңмен тығыз байланысты. Себебі, Шәкәрім орысша сауатын ашу арқылы ғана халықтың көптеген батыс елдерінің ғылымдағы жаңалықтарынан хабардар бола алатынын жетік түсінді. Еуропа елдерінің ғылымдағы жеткен жаңалықтарын, техникалық жетістіктерін естіген соң, мемлекеттің дамуы тікелей адамның жетілуінің түпнегізі деп білген Шәкәрім, ағартушылық идеясын дамыту барысында біріншіден, білімді тек мемлекеттің, халықтың даму болмысының негізі деп қана қоймай, оны екінші жағынан әрбір жеке адамның адамдық қасиетке тек оқып-білу арқылы ғана жететінін, бұдан былай әрбір оқыған қазақ енді тек қана ежелгі ой-ұстанымдарды ұстанатын қазақ емес, өркениетті қазақ болатынын өз шығармашылығында айқын танытады [16].

Шәкәрім еуропаның білімін Абай арқылы қабылдап, «бүкіл халқыма паш етемін» деп қызмет етті. Орыс халқының ұлыларының еңбектерін оқу барысында батыс ойшылдарының идеяларымен ұштастыра отырып қазақтың ежелгі кереметтей ойларына жаңа леп, тың идеялар қосады. Егер бұрын халқымыз көшпелі тұрмыспен байланысты салт-дәстүрлерді ұстанып, Дала заңымен өмір сүрсе, тарихи кезеңнің жаңа деңгейге өтуіне байланысты бұл ойлар жеткіліксіз болды, жаңа

ойларды заман талабы да қажет етті [17]. Қазақ ғұламаларында өзге халықтардың мәдениетін де, өнерін де, тілін де білу керек деген ойы сайрап жатты.

Құдайбердіұлы үшін байлықтың ең үлкені - ғылым. Өзінің «Үш-ақ түрлі өмір бар» атты өлеңінде ол адам өміріне «ортаншы өмір» деген ұғымды қолданады [18]. Бұл – адамның жастық шақ пен кәріліктің арасындағы белсенді өмірі. Шәкәрімнің айтуынша, міне, осы жылдары уақытыңды босқа еткізбей, ғылымға үңілсең, одан өзіңе керек қазынаны тауыпала білсең - өмірлік мұратыңа жеткенің. Бас-аяғы үш шумақтан тұратын өлеңнің идеясы - адам баласын, Абай айтқандай, «ержеткен соң түспеді уысыма» деп өткініште қалдырмау [19].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазақ ағартушылығында ортағасырлық көзқараспен күресте еуропалық ағартушылық атқарған рөлді атқарды деген шешім жасауға болады. Қазақ ағартушылық ойы дүниеге деген ескі, қатып қалған көзқарастарды, дәстүрлі қоғамдағы адам орнын, қазақтардың қалыптасқан өмір сүру үлгісін әшкереледі, сөйтіп жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарға сәйкес келетін белсенді, білімді жаңа экономикалық және саяси жағдайларда адамның, қоғамдық дамуына кедергі жасайтын әбден ескірген көзқарастармен күресті.

Осындай маңызды, өміршең идея, яғни білім идеясы өздігінен пайда болған жоқ, идея табиғатынан шынайы өмірдегі болатын күрделі қайшылықтар мен мәселелерді шешетін құрал. Егер идеяны осылай түсінетін болсақ, онда шынымен білім, ғылым идеясы қазақ қоғамында XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған күрделі мәселелерді шешу үшін туындаған. Қазақтар Ресейдің дала өміріне белсенді түрде араласа бастауынан кейін бұрынғы өмір сүру үлгілерін жалғастыра алмайтын болды, ескі қалыптасқан ойды өзгерту керек болды, белсенді түрде жаңа өмірге араласып, жаңа көзқарас принциптерін игеру керек болды, ал бұл жаңа білімді меңгермей мүмкін емес болды [20].

Шоқан, Абай, Шәкәрімдер қазақтардың білімді халықтар деңгейінде өмір сүрулері үшін, олармен бәсекеге қабілетті болу үшін олар өздерін түбегейлі өзгертіп, өмір сүру үлгілерін қайта қарастырып, жаңа көзқарас бағыттарын өңдеулері керек болды. Осы орайда қазақ философтары адам туралы жаңа ұғымды, яғни еңбекқор, белсенді, білімді, өмірде тек өз күші мен өз біліміне ғана сенетін адам ұғымын ұсынды.

Сөйтіп ойшылдар қазақ қоғамының, әрбір қазақтың, оның санасын, ойын, құндылықтарын өзгертудің бірден бір жолы – бұл тек білім, ғылым, ағартушылық болып табылады деген идеяны жүргізді. Ойшылдар білімді, өркениетті халық болудың жолдарын көрсетті.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бельгер Г. Властитель – Слово. Почему трудно переводить Абая? Абай. Тридцать семь стихотворений. Составитель и переводчик М. Адибаев. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2006. – С. 235-241.

[2] Шоқан Уәлиханов. Мақалалар мен хаттар. – Алматы, 1947. – 115 б.

[3] Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 238 б.

[4] Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II-ші том өлеңдер аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995. – 202 б.

[5] Zwanzig Gedichte. Abai. – Köln: önelVerlag, 2007. – 136 с.

[6] atiana Filanovskaya . Pedagogy and humanities: Scientific models in check. XXIII World Congress of Philosophy. Athens 4-10 August 2013.

[7] Кокшаров Н.В. Взаимодействие культур: диалог культур // Credo new: теоретический журнал. – 2003. – № 3.

[8] Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, 2006.

[9] Омар Жәлелұлы. Қазақ мәдениетіндегі еңбек феномені // Журнал Абай 1\2011).

[10] Абайдың ғылым жайындағы танымынан // Журнал Шәкәрім, 2006. – № 2 (02). – 32-33 бб.

[11] Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, 1945. – 349 б, Қазақ Мемлекет Баспасы.

[12] Ш. Құдайбердіұлы. Жолсыз жаза. – Алматы: Жалын, 1988. – 21 б.

[13] Серік Мырзалы. Философия. Алматы, 2010. – 321-322 б.

[14] Айтқазин Т. Ғұламаның әлеуметтік – философиялық ойлары. Абай 2.\ 2001.

[15] Асан Омаров. Шәкәрім - қазақ әдебиетінің классигі // Журнал «Абай», 2007. – № 4. – 7-23 б.

[16] Ғарифолла Есім. Шәкәрім және заман // Журнал Шәкәрім, 2012. – № 1 (14). – 3-6 б.

[17] Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана-тілі, 1991.

[18] Дүкенбай Досжан. Абайдың рухы. Фолиант баспасы. – Астана, 2008.

[19] Мұқаметханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Қазмембас, 1959.

[20] Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы, 1988.

REFERENCES

- [1] Belger G. *Ruler - Word. Why is it difficult to translate Abay? Abay. Thirty-seven poems*. The compiler and interpreter M. Adibaev. - Almaty: Printing House "Edelweiss", 2006, p.235-241. (in Russ.).
- [2] Valikhanov Sh. *Articles and letters*. Almaty, 1947, 115 p. (in Kaz.).
- [3] Shakarim. *Imanim*, Almaty, 2000. 238 p. (in Kaz.).
- [4] Abai. *A complete set of two volumes of works. Volume II of the translations of poems. Poems. Kara sozder*. 1995, 202 p. (in Kaz.).
- [5] Zwanzig Gedichte. *Abai*, Köln: önel Verlag, 2007. 136 p. (in Ger.)
- [6] Filanovskaya T. Pedagogy and humanities: Scientific models in check. XXIII World Congress of Philosophy. Athens 4-10 August 2013. (in Eng.).
- [7] Koksharov N.V. *Interaction of cultures: the dialog of cultures*, Credo new: theoretical journal. 2003. №3 (in Russ.).
- [8] Esim G. *History of Kazakh philosophy*. Almaty, 2006. (in Kaz.).
- [9] Jalelulu O. *The phenomenon of the culture of the Kazakh*. Abai journal 1.2011 (in Kaz.).
- [10] *About the outlook of Abai*. Shakarim journal №2, 32 p. (in Kaz.).
- [11] Abai. *A complete set of two volumes of works*. Kazak memleket baspasi. 1945, 349 p, (in Kaz.).
- [12] Kudaiberdiulu Sh. *Off-road punishment*, Almaty: jalin, 1988, 21p. (in Kaz.).
- [13] Mirzali S. *Philosophy*, Almaty, 2010. p. 321-322. (in Kaz.).
- [14] Aitkazin T. *The Scholar's social and philosophical thoughts*. Abai journal, 2. 2001. (in Kaz.).
- [15] Omarov A. *Shakarim - Kazakh classic literature*. Abai journal, №4, 2007. p.7. (in Kaz.).
- [16] Esim G. *Shakarim and time*. Shakarim jurnal №1, (14) 2012, p. 3,6. (in Kaz.).
- [17] Auezov M. *History of literature*. Almaty: Ana-tili, 1991. (in Kaz.).
- [18] Doszhan D. *Spirit of Abai. Foliant baspasi*, Astana, 2008. (in Kaz.).
- [19] Mukhametkhanov K. *Abai's works on textology*. Kazmembas, 1959. (in Kaz.).
- [20] Kudaiberdiev Sh. *Compositions. Poems, stories, kara sozder*. Almaty, 1988. (in Kaz.).

НАУКА И ЗНАНИЕ КАК ГЛАВНОЕ УСЛОВИЕ
РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА И ЛИЧНОСТИ

Р. К. Досжан

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ключивые слова: наука, знание, общество, мыслитель, философия, культура.

Аннотация. В предлагаемой статье автор рассуждает о высокой роли разума, знания, науки в развитии социума на примерах произведений великих казахских мыслителей: Ч. Валиханова, А. Кунанбаева и Ш. Кудайбердиева. Все они проповедовали важность для казахского общества идей просвещения и духовного развития. В понимании Абая и Шакарима знание, наука - это корневое начало, от которого зависят все другие стороны человеческой духовности. По мнению известных просветителей - цель и смысл человеческого существования могут быть реально достигнуты и реализованы при условии, когда человек постигает знание, науку в совокупности, создавая базис для реализации своего творчества. По мнению философов важно не только повышать уровень знаний и познавать истину, но также необходимо ясно представлять: какие существуют способы для достижения этих целей. Прежде всего, в области науки должны быть созданы условия для постоянного обмена мнениями, столкновения взглядов, дискуссий - только тогда человеческое сознание расширяется и двигается вперед, создаются условия для постижения истины. Если пытливый ум предан науке, то она в свою очередь вознаградит его и раскроет свои бесконечные возможности глубоко и всесторонне постичь тайны сущего. Всецело отдавшись науке познания, человек получает бесконечную возможность удовлетворения своих мыслительных запросов для открытия окружающего мира. Наука и знание служат главным условием развития общества и личности.

Шын мәнінде соғыс тақырыбында жазылған қайталанбас шығармалары мен елімізде әскери патриоттық тәрбие саласын жандандыру жолында сіңірген ерен еңбегі өз дәрежесінде елеп-ескерілмеу себепті әлі күнге лайықты бағасын толық иеленіп үлгермеген Бауыржан Момышұлының тарихи тұғырлы орны тым биікте.

Бұл ғылыми мақалада Ұлы Отан Соғысының батыры, жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы мен Мұхтар Әуезовтың арасындағы әдеби-шығармашылық байланысы жайлы сөз болмақ. Б.Момышұлы Мұқаңа жолдаған хаттарында қазақ жазушыларының жайы, аударма мәселесі, «Намыс гвардиясы», немесе А.Бектің өзі туралы жаза бастаған шығармасы, т.б. толып жатқан мәселелер жөнінде бірде сырласуға, бірде сын пікірлерге ауыса отырып, жазушыға ой салу, ақылдаса кеңесу жағына көбірек бой ұрған. Әсіресе, оның «Абай» романы алғаш рет жарық көргенде қырғын майдан ішінде жүріп, үш рет арнайы хат жазу арқылы тұңғыш пікір қозғап, аса жоғары баға береді. Мақалада аталған мәселелер батырдың архив материалдары негізінде қарастырылды.

Мұхтар Әуезов пен Бауыржан Момышұлы арасындағы әдеби-творчестволық байланыс жайлы жазушы архивінде сақталған бірсыпыра жазба деректерге зер салсақ, көптеген жәйттерді аңғарамыз.

Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан Соғысына дейін де жазушыны көптеген оқырмандардың бірі ретінде сырттай білетін-ді. Олардың бір-бірімен сырттай танысып, тікелей хат жазыса бастауы да Москва түбіндегі алғашқы жеңістен кейінгі кезең. Қазақстандық 8-гвардиялық дивизиясының теңдесі жоқ ерлігі, оның атақты командирлерінің бірі аға лейтенант Бауыржан Момышұлының даңқы әлемді дүр сілкіндірді.

Ұлы жазушы назары да Баукеңе осы тұста ауа бастаған. Алғашқы байланыстың хат жазысып, пікір алмасудан басталғаны байқалады. Мұхтар Әуезовтің майдан жайлы кесек туынды жазуды мақсат етіп жүргенін Бауыржан Момышұлының хаттарынан көреміз. Майдан шындығы жөнінде жазылған көптеген көркем туындыға көңілі толмай жүрген Баукең үлкен жазушының бұл ниетін қызу қуаттап: «Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол еңбекті атүсті емес, әдеби мағына-мазмұнына терең түсініп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады... Сіз сияқты қазақ әдебиетінің полковнигі шынында солай етпеуіне болмайды» (1942 жылы, 18 август), – деп аса актуалды да күрделі тақырыпты қолға алуға асыға ұмтылған жазушы мақсатына шын ниетімен қуаныпты [1, 42 б.].

М.Әуезов даңқты 8-гвардиялық дивизиясы өмірінен Ә.Әбішевпен бірігіп «Намыс гвардиясын», кейін «Ер серігі – сергек ой» деген әңгімесін жазады. Бұл шығармаларына нақтылы өмір шындығын, түрлі майдан деректерін өзек етеді. Мысалы, «Ер серігі – сергек ой» әңгімесін тікелей Бауыржан Момышұлының өз аузынан естіген оқиға желісіне құрса, «Намыс гвардиясын» Әлжаппар Әбішевтің майданға арнайы барып, жинаған нақты деректерінің негізінде жазады. Осы жәйттер Баукеңнің өз хатында:

«... Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды сізге айтып бере алды ма екен?», – деп хабарлауынан-ақ аңғарылып тұр [2, 7 б.].

Как же вы могли допустить неосторожность с «Намыс Гвардиясы» слишком наивную доверчивость – получилось неестественное, печальное несовместимое вашего золотого таланта, полной художественной силы, беспредельно богатого, гибкого, маневренного, сочного и насыщенного разумной логикой языка – с невежеством, узким кругозором недалеким умом вашего соавтора.

Ведь богомазы никогда не считались художниками, хотя они малевали лучше, чем любой художник, т.к. из-под кисти богомаза никогда не выходило полотно реальной жизни...

Ах, как жаль, и становится обидно, когда истинный художник, сотрудничая с невеждой, неосторожно выглядит богомазом.

В пьесе совершенно отсутствует порядок, нормы военного и гражданского поведения и такта, доходящей до порнографической вульгарности – то эта дура Нина с необузданными интимными чувствами, подставляющая уста при каждом удобном и неудобном случае для поцелуя?

К чему расхваливать Алентину, приписывая ей разную небылицу? Где же сила приказа, его безотлогательность, реальность расчета властного повелевающего командира?

Что за рассуждения, разглагольствования вокруг выполнения боевой задачи и что за торговля и добровольности и умоляющая просьба – кому идти головным?

Откуда вы взяли шапкоиздательские победы, без упорного сопротивления, критического положения, иногда и временного поражения? Что за шум, гам и без умолка, до тошноты, ура?

Куда вы дели полномочного офицера, навязывающего свою волю не только подвластным ему воинам, но так же и противнику – даже Панфилова показали, как мастера рукопашного боя. Неужели вы не понимаете? Что такое тактика и стратегия?

Нельзя же рассматривать всех, как солдат с винтовкой со штыком. Где же военная наука, оперативно-тактические замыслы, тактико-стратегические значение операции /боев/ и реальное положение сторон в обстановке.

Куда вы дели кроткого солдата, повинующегося, безукоризненного, честного, бравого, отважного, простого вояку, а ваш Толеген скорее клоун для сцены, чем солдат на поле боя.

Я часто резок и груб с друзьями – это мой недостаток. Очень сожалею, что могу помочь только наказанием за ваши оплошности. С глубоким уважением к вам – ваш Бауржан» [3].

Дәл осылай өз хаттарында жауынгер жазушы заманның заңғар қаламгері Омарханның Мұхтарына сыни пікір айтып, кемшілік тұстарын көрсетіп отырған.

Мұқаң 1944 жылы қаңтар айында майданнан келген Бауыржан Момышұлымен алғаш рет кездесіп, сұхбаттасады. Сый қонақ ретінде арнайы шақырған жыр алыбы Жамбылдың үйінде де Баукеңмен бірге болып, әңгіме үстінде оның тек атақты, даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, пікірлі азамат екендігін де тани түседі.

Қазақ ССР Ғылым академиясында академия басшыларының ұйымдастыруымен тарих, әдебиет, өнер қайраткерлерінің таңдаулы шағын тобына полковник Бауыржан Момышұлы өткізген алты күнге созылған әңгіме-дәріске Мұхтар Әуезов те белсене қатысады. Күні бойы оқылып, бір аптаға созылған осы әңгіме-дәрісті М.Әуезов ерінбей-жалықпай қалың дәптерді толтыра орыс тілінде конспектілеп, қағазға түсіріп отырған. Мұқаңның аталмыш жазбалары: «Баурджан, его беседы, лекции читанные в течение 6 дней января 44 г.» деген тақырыппен Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінің архивінде, №409 папкада сақтаулы тұр.

Мұқаң дәптерге әңгіме-дәрістің мазмұнын ғана түсіріп қоймай, Баукеңнің сырт көрінісіне, психологиялық күйіне, ой төркіндерінің өзекті желісіне жіті көңіл бөліп, көзі шалған кейбір ерекшеліктеріне дейін арнайы жақша ішіне алып, қағазға түсіріп отырған. Жазып алғандарының бәрін ой елегінен қайтара өткізіп, өзіне қажет деген жерлеріне біресе көк, біресе қызыл қаламмен белгі соққан.

Әңгіме-дәріс үстінде Баукең әскери терминдер мен сөздерге, кейбір теориялық ұғымдарға түсініктеме беріп, негізгі тақырыптан ауытқыңқырап отырмын, осының қажеті бар ма дегенде, М.Әуезов: «Осыған дейін қалай айтып келсеңіз, солайша жүргізе беріңіз, біз бәріміз де әскери адамдар емеспіз. Комментариялау неғұрлым көп болған сайын біз үшін жақсы. Сізге белгілі нәрсе боп көрінсе де, бізге белгісіз. Біз әскери ғылымның, тіпті, әліппесінен бастап білуге құштармыз», – дейді дәріс үстінде. Өзі көш бастаған ғұлама ғалым бола тұрып, білмегенін білуге, тіпті, жан-жақты тереңірек білуге ұмтылған жан құштарлығы тәлім алар өнеге[2, 12 б.] .

«Ер серігі – сергек ой» әңгімесін жазуға Б.Момышұлы айтқан осы әңгімелері үстінде ой тоқтатқан сияқты. Себебі, Мұқаң «Әшекейі, айшығы жоқ анық шындық кескіні осы» деп, түбінде кең көлемде пішіліп, сомдалатын келешек өнер хикаясының тек сүйекті желісін ғана түсіргенін ескерткендей болады да: «Бұның өзі бір зор дастан, кең хикая болмақ керек. Соған талай ақын, жазушы тағы талай оралып соқсын деп, кең көсіліп шертсін деп, бұл жерде, әзірше тек болған халдің өзін ғана айтпақпыз», – деп шектеле сөйлеп, түбінде Баукеңнің ерлігі жайлы талай хикая, дастандардың жазыларына зор сеніммен қараған.

Б.Момышұлы Мұқаңа жолдаған хаттарында қазақ жазушыларының жайы, аударма мәселесі, «Намыс гвардиясы», немесе А.Бектің өзі туралы жаза бастаған шығармасы, т.б. толып жатқан мәселелер жөнінде бірде сырласуға, бірде сын пікірлерге ауыса отырып, жазушыға ой салу, ақылдаса кеңесу жағына көбірек бой ұрады. Әсіресе, оның «Абай» романы алғаш рет жарық көргенде қырғын майдан ішінде жүріп, үш рет арнайы хат жазу арқылы тұңғыш пікір қозғап, аса жоғары бағалау фактісінің өзі қызық.

«Абайдың» бірінші кітабының жарыққа шығуына да өте қуаныштымыз, бұл хабар қазақ әдебиетінің тұңғыш ұл баласының қайта туғанындай болып естіледі, амандық болса, оқып көріп, пікірімізді адал ниетпен айтармыз деп үміттенем.

Әрине, үмітсіз адам болушы ма еді. Соғыс бітсе, біз жеңсек, аман-есен елге тірі қайтып, жақын ағайын-туғандардың дидарын қуанышпен көрсек дейміз. Ол үшін жан-тәнімізді аямай қан майданға қызу кірісеміз. Егер де ол ниетке жетсек, әңгімені дастан-дастан етіп айтып беруден біз қашпаймыз ғой, бірақ та майдан өмірдің қыл көпірі емес пе? Ол көпірден жанның бәрі аман-сау өте бермейді ғой. Сол тар жол, тайғақ кешуде мыңды бастаған өте қиын. Ғажайып міндет емес пе?

«Білмеймін қандай асу алда жатыр,

Құз ба екен, қия ма екен таңдай татыр?

Сыйынып аруақ пен бір құдайға,

Ұстадым етегіңнен, баста, батыр», – деп сөйлетпес пе едіңіз. Бастаған бұқара, солдат өзінің қолбасына осыны айтып, сеніп, сыйынып артына ілеседі. Мыңның істеген ісін ізсіз тастап кету қолбасына үлкен сын емес пе? Ол көзі тірі кезінде айтып, жазып бергіш үлкен борышын орындағаны болып табылмай ма? Сондықтан мен асықтым, толық етіп айттым кімге?

«Знамя» дейтін журналдан Александр Альфредович Бек дейтін жазушы қайтадан келіп айтып бергін деп телміріп отырып алды. Зерікпестен бір жарым ай ілесіп жүрді. Жаман да болса, әйтеуір, қағаз бетінде қалады ғой деген оймен мен оған бастан өткен соғыстардың барлығын Мәскеуге дейін толық етіп, әрбір соғысты 2-3 сағаттан баяндадым. Бір жарым ай дегенде Бек менің айтқандарымды бұлжытпай жазып алып, жақында ғана кетті. Екінші бөлімін қайта келіп жазбақ. Бек – үлкен жазушы емес, жақсы стенограф, айтқандарыңды айтқанша жазады, оның қасиеті сол.

Кетерінде мен оған былай дедім:

– Сен жазатын кітаптың қысқаша мазмұны мынау:

Мен істедім дегенше,

Мың істеді десеңші.

Ер істеді дегенше,

Ел істеді десеңші.

Мен мыңдікі болмасам,

Ел ердікі болмаса,

Кім істеді дер едің?

Қызметіңді, Бек, ешкімнен қызғанба, жасырма. Сен айтқанымды жазып алдың, бірақ та түсінген жоқсың, себебі сен мен бастаған мыңның кім екенін, менің кім екенімді, қазақтың салт-санасын, әдет-ғұрпын білмейсің. Мен айтқан қазақтың халық мақалдарын жазуға сенің қаламың шорқақ, тілің қысқа. Байқа, ақылдас, – деп едім. Бек:

– Кіммен ақылдасайын. Сіздің ойыңызды бөліп жазып алған нәрсеге сізді қайта әурелеуге ұялдым, – деді.

– Кіммен ақылдасуыңды Мәлік пен Құрманбектен сұрағын, – дедім мен.

Мәлік пен Құрманбек Сізді ұсынғанға ұқсайды. «Қырық мақал» дейтұғын бір нәрсе жазып едім, егер де оны Құрманбек жүріп кетсе, тапсырар. Уақыт, жағдай белгілі ғой. Ойдағымызды түгел етіп жазуға жағдай қайдан келсін, айып етпеңіз.

Хатыңызға, талантыңызға бас иіп сәлем беруші Бауыржан.

Әбділдә мен Әлжаппарға сәлем айтуыңызды сұраймын. [2, 5 б.].

1942 жылғы 8 августағы хатында «Абай романы баспадан шықты деген хабарды естіп, қуаныш сезімін білдірсе, 1942 жылғы он сегізінші қазанда жазған хатында роман жөніндегі пікірін бүкпесіз жазып: «... Тайғасовтан беріп жіберген «Абайды» алдым. Өте көңілді, бас иіп Сізге рахмет айтамын. Уақтылы-уақтылы терең оймен, жұмырылып оқымасам да, ат үстінен шетінен кеміріп жүрмін, сындауға, міндеуге, оны терең ойлауға уақыт керек қой. Әсіресе, кәсібі сыншы, мінші емес, әдебиеттен тысқары қара бұқара адамға. Сөйтсе де «Абайға» беретін менің бұқаралық бағам, пікірім қара шаруа (мужик) мынау (өте анайы көрінсе, кешіруіңізді тілеймін): Қарап тұрып қалғандай-ақ баспадағы жігіттер қағаз, әріп, мұқабаны көркемдеп басу жағына өте сараңдық істепті (баспа бастығының фамилиясы Қарамбаев емес пе еді?), сауатты корректор жалдауға жалақы қоры аздау болып, кедергі болған білем. Қателері, құдайға шүкір, молдауға ұқсайды. Мен редактордың маянасының жартысын корректорға берсем де, қатесіздеу етіп бастыруға тырысар едім.

Мен және мен сияқты бұқара оқушылар бұрын «орта жастағы Абай», «жасы келіп қалған Абай», «қарт Абайды ғана» танитынбыз.

Абай бала кезінде, жасөспірім жігіт кезінде қандай Абай болды екен, қалай тәрбиеленіп, көзқарастары, данышпандығы қайдан суарылып, қайдан дәм татып, қалай гүлдеп, қалай мәуеледі екен? Абай анадан 25-тегі жігіт бойынша туған жоқ қой, яки аспаннан данышпандық, ақындық, асылды қасиеттерімен түскен періште емес қой, пайғамбар да емес деген сұрақтарды бірнеше рет алдымызға қойып, еш жерден, әдебиетшілерден, тарихшылардан жауап таба алмай шаршап, шалдығып күте-күте қойған болатынбыз.

Сізге мен таныс та, тамыр да емеспін. Қошемет етіп, жалпаштанар жайым жоқ. Мен солдаттың ерлігіне, ептілік шеберлігіне, әдіс-айласына дұрыс, әділ баға беріп үйренген солдатпын. Мен Сізге, Сіздің жазған тарихи Абайға көзқарасымды өзгертіп, ұстаған жолымнан таймақ емеспін, көргенімді өзімше айтпақпын.

«Абай» өте көркем, шеберлік, арғымақтай сынды, тап-тұйнақ, пысық, қысқа, өте мазмұнды (артық сөзсіз), қазақтың жалпақ әдемі жұмыр тілімен жазылыпты. «Словам тесно, мыслям просторно» деген екен баяғыда бір шоқынған. «Абай» сияқты бір кітапты оқып отырып, бұл Сіздің талантыңыздың табысы екендігінде сөз жоқ.

Егерде «Абайдың» бірінші кітабын Сіздің кейбір бірадарларыңыз жаза қойған болса, былжыратып, аумағын аз дегенде «құрандай» етіп жазуы да сөзсіз.

Зере мен Ұлжан – жалғыз Абайдың емес, барлық халық анасы, аналық (халыққа) сезімі мол, елдің мұңын мұндап, жырын жырлаған аналар болып ақиқат көрсетілген, Оларға қарсы мейірімсіз, қатігез феодал, деспот Құнанбайға жолыққанда денең түршігеді. Бала Абай осы екі оттың – екі ықпалдың арасында толығынан көрсетіліп, тарихы анық айқындалған. Мен «Абайды» таныдым, көптен бергі сұрақтарыма Сізден мазмұнды, мәдениетті, тарихи шын жауап алдым. Қазақтың салт-санасы, әдет-ғұрпы толық, айқын, көркем көрсетілгенмен олардың шет жағасын көргенмін, сондықтан түсініп, біліп отырмын, тек айтылған сөз деп таппаңыз. Қоғамдық жұрт мәселелері жағына Сіздің еңбегіңізге «Слог охарактеризует не только человека, но и общество данной эпохи» деген Н.Гогольдің айтқанынан басқа айтарым жоқ.

Әзір «Абайды» оқып парактап отырып, ең аяғында «Мазмұны» деген бетті оқып отырып, біраз кейін шолып қарасам: «Қайтқанда», «Қат қабатта», «Өрде», «Қияда» деген аттар тек жазушының қоя салған аты емес көрінеді-ау. Оларда мән бар екен. Оныңызға да аз ғана болса да түсінгендей болдым-ау деймін. Бұрын олар ойыма да келмепті ғой. Жаңа ғана білсем, не істерсіз. Менің қысқаша пікірім осылайша[2,13 б.] .

Кейін сынаржақ пікірлер бас көтере бастағанда М.Ғабдуллин екеуі «Социалистік Қазақстан» газетінің басқармасына ашық хат жолдап, жазушы талантына ара түсуі де көп жағдайды аңғартса керек. Мұқаңмен осындай әдеби-творчестволық байланыста болған Баукең өмірінің соңғы кезінде «Адамдар, кездесулер» деген естеліктер циклін жазып жүрді. Онда өзі құрмет еткен ағасы Мұхтар жайлы естелік көлемді орын алмақ еді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Момышұлы Б. ҚР ОММ 1432-қор. –2-тізім. 44-іс.

[2] Момышұлы Б. Алыстан сәлем жолдаймын. Көптомдық шығармалар жинағы, 20-том. – Алматы: Өнер, 2009.

[3] Момышұлы Б. ҚР ОММ 1432-қор. –2-тізім. 89а – іс.

[4] Әуезов М. // Өмір мен шығарма. Т.18. Шығармалар жинағы 1-20 Т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 448 б.

[5] Мырзахметов М. Мұхтар мен Бауыржан // Қазақ әдебиеті, 1980. – 9 мамыр

[6] Б.Момышұлы Алыстан сәлем жолдаймын. Көптомдық шығармалар жинағы, 21-том.– Алматы: Өнер, 2009.

[7] Александр Бек. Волоколамское шоссе. [Электронный ресурс] <http://militera.lib.ru/prose/russian/bek/01.html>

[8] Голушко И. М. Солдаты тыла. – М.: Воениздат, 1988. – 270 с.

[9] Чистяков И. М. Служим Отчизне. – М.: Воениздат, 1985. –С.70.

[10] Мырзахметов М. Б.Момышұлы жайында сұхбат // Қазақ әдебиеті, 2004. – 10қыркүйек. – 8 б.

[11] Ахметова З. Шуақты күндер. – Алматы: Жалын, 1987. – 264 б.

[12] Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000. – № 81 (15.381). – 4-5 бб.

[13]М.Мырзахметұлы. Өмір өзен ағысында. – Алматы: Шапағат-нұр, 2010.

[14]Әлімжан Е.А.Бек пен Б.Момышұлының әдеби келісім шарты // Қазақ әдебиеті, 2000. – 8 желтоқсан. – 10 б.

[15] Б.Момышұлы «Перо – самое тяжелое оружие», 7-том. – Алматы, 2010.

[16]Үсенқұлова Г. Батыр-жазушы Б.Момышұлы шығармаларындағы кейіпкерлер психологиясының берілу сипаты туралы.

- [17] Гончаров М. Қанатты қаһармандар. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 192 б.
[18] Иманалиев Ж. Б. Момышұлының шығармашылығы мен әдеби көркем бейнесі. Автореф. Фиол. ғыл. канд. – Алматы, 2006.
[19] Уақыт пен қаламгер. 5-кітап. – Алматы: Жазушы, 1977.
[20] Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962.
[21] Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопеясы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 608 б.

REFERENCES

- [1] Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Fund - 1432, the inventory - 2, affair - 44.
[2] Momyshuly B. Alystan Salem zholdaymyn. Multi-volume collection, V. 20 - Almaty, "Oner", 2009.
[3] Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Fund - 1432, the inventory - 2, affair - 89a
[4] Auevov M. // Life and work. V.18. Almaty: Writer, 1985 - 448 p.
[5] Myrzakhmetov M. Mukhtar and Bauirzhan. Kazakh literature - 1980. - 9 May.
[6] Momyshuly B. Alystan Salem zholdaymyn. Multi-volume collection. V.21 - Almaty, "Oner", 2009. Alexander Beck. Volokolamsk Highway. [Electronic resource] <http://militera.lib.ru/prose/russian/bek/01.html>
[7] Golushko I.M. The soldiers behind. - M.: Military Publishing, 1988. - 270 p.
[8] Chistyakov I.M. Serving the Motherland. - M.: Military Publishing, 1985, p.70.
[9] Myrzahmetov M.B. Momyshuly interview. Kazakh literature. 2004. September, 10.- 8 p.
[10] Akhmetova Z. Sunny days, Almaty: Zhalyn, 1987 - 264 p.
[11] Alimzhan E. Zhanartau. Ak Zhol. 2000, No. 81 (15.381) p.4-5.
[12] Myrzakhmetuly M. "River of Life flows": Shapagat-Nur, 2010.
[13] Alimzhan E.A. A. Beck and B. Momyshuly literary contract. Kazakh literature. - 2000 - December, 8. 10 p.
[14] Momyshuly B. "Pen - the heavy weapon" V.7, Almaty, 2010.
[15] Usenkulov G. Heroine writer of B.Momyshuly characters in the works of psychology on the nature of the issue.
[16] Goncharov M. Winged heroes. Almaty: Kazakhstan, 1982. 192 p.
[17] Imanaliev Zh.B. Momyshuly's art and literary image. Autoref. Cand. Phylol. Almaty: 2006.
[18] Time and writer. 5-th book. Almaty: Zhazushy, 1977.
[19] Auevov M. Time and literature. Almaty: Kazakh state literary publishing house, 1962
[20] Auevov M. "The way of Abai" novel. Almaty: Zhazushy, 1990. - 608 p.

ПРОСЛАВЛЕННЫЕ ГЕРОИ КАЗАХСКОГО НАРОДА Б. МОМЫШУЛЫ И МУХТАР АУЕЗОВ

Б. А. Бекназаров

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, Талдықорған, Қазақстан

Ключевые слова: литература, пьеса, писатель, война, портрет.

Аннотация. Имя Бауржана Момышұлы всегда звучало в устах простых людей и в часы испытаний, и в минуты радости. О нем вспоминали и в недалеком прошлом, когда кое-кем была поставлена задача унижить народ, подорвать его устои. Однако народ, породивший Бауржана, вновь показал свою силу, не подставив покорно спину, не позволив очернителям и клеветникам одержать победу. А молодое поколение, подраставшее на ярком примере героических подвигов Бауржана, поднялось выше своего времени и проявило необыкновенную смелость, сознательность и мудрость.

Статья посвящена вопросу становления военной литературы в казахской прозе. Так как тема Великой Отечественной войны не рассматривалась как художественная, профессиональные писатели не брались описывать картину военных лет и тем более искажать историю. В статье рассматривается вопрос писательского мастерства Б.Момышұлы и М.Ауезова. Так же говорится о пьесе «Намыс гвардиясы», который написали М.Ауезов и А.Абишев про Баурджана Момышұлы. В частности, портрет в произведении Б.Момышұлы рассматривается как важнейший элемент художественного мастерства и писательского мировоззрения.

Героев, равных Бауржану, природа в любые времена и любому народу дарует крайне редко. Поэтому Бауржан на протяжении всей своей жизни не испытывал недостатка в любви народа, был его бальзамом, самым дорогим и уважаемым сыном. Народ взлелеял Бауржана, сложил о нем множество легенд и преданий, тысячи и тысячи новорожденных как знак доброй приметы нарекли Бауржанами, навеки прославив бесценное имя.

Поступила 22.05.2015 г.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми мақалалар

Жұмаділлаева С.А., Баешов Ә.Б., Алтынбекова М.О., Абжалов Б.С. Үшхлорсірке қышқылының бутилді эфирінің гидразинолиз реакциясын гетерогенді катализатор қатысында зерттеу.....	5
Сүйербаяев Х.А. Органикалық қосылыстарды көміртек диоксиді және оның туындыларымен карбоксилдеу арқылы карбон қышқылдарын синтездеу.....	11
Құдайбергенова Б.Қ. Біросьті кристаллдағы тұзақ тәрізді антеннаның бағытталу диаграммалары.....	37
Балабеков О.С., Исмаилов Б.Р., Волненко А.А., Исмаилов Х.Б. Спиральді саптамалы массаалмасу аппаратының түйіспе аймағында газ қоспасының тамшысымен бірге тасымалының математикалық моделі.....	42
Ожикенов К.А., Михайлов П.Г., Қасымов А.О., Баянбай Н., Қуатқанова Ж. Біріктірілген физикалық шамалар датчиктері.....	51
Картанова А.Дж., Сулайманова С.М. Перфорацияланған қалқаның аудандарда газ ағыны процесін модельдеу..	60
Баймухаметов А.А., Мартынов Н.И., Танирберген А.Г. Фазалық өткелдері бар астеносферлік диапиризманың құрылым механикасы.....	67
Мухамил К., Бекетова Г., Жұманғалиева Н., Төлемісова В. Биометриялы-нейрожелілік аутентификация жүйелеріне төнетін қауіптер.....	77
Кенішімов Ч.А., Еділхан Д. Иерархиялық темпоральдық жады: бейнетанудың жаңа әдісі.....	81
Надилов Н.К., Солодова Е.В., Қыдырлина Н.Н., Қасымқұлов А.К. Негізгі жылыжайлар құрылымы және баламалы энергия көздерін пайдалану арқылы энергиямен жабдықтау тәсілдері.....	88
Исақов О.А., Бекмағамбетов С.С. Жеңіл өнеркәсіп қалдықтарын өңдейтін заманауи технологиялар.....	98
Есімханова А.К., Акимбекова Г.М., Сабирова Л.Б., Рогов Е.И. Уақытқа қатысты өндіруші ұңғыма жұмысының тиімділік функциясының негіздемесі.....	103
Машеков С.А., Нұрахметова К.К. Титан қорытпаларынан жасалған турбиналық жүздерді штамптау мәселелері және оларды шешу жолдары.....	108
Бараев А., Жанұзақов И.И., Жұмабаев М.Ж., Құлжатаева К.М., Тулеп А.С. Тежеудің алдын алу үшін сұйық ванналарды қолдану.....	116
Сүлейменова Н.Ш., Сағындықов А.М. Берікқара терегінің экологиялық аспектісі және морфологиялық көрсеткіштері.....	119
Рүстемов Д.Ө., Абдрахманова Г.Т. Қазақстан құс шаруашылығы секторын талдау.....	125
Алымқұлов М.С. Экологиялық қауіпсіздік мәселесіне талдау.....	129
Сейтметова А.М., Талханбаева З.А. Түркістан қаласы ауасының ластаушы заттармен ластану деңгейін зерттеу..	134
Алменова А.А. Көлік логистикасының аграрлық сала экономикасындағы тиімділігі.....	141
Дандаева Б.М. Қазақстан ауылшаруашылығын инвестициялаудың бүгінгі күнгі жағдайы және оның дамуы.....	145
Алменова А.А. Аграрлық сала экономикасындағы көлік жұмыстарын модельдеу ерекшеліктері.....	151
Таласов Г.М., Абдрахманова Г.Т. Қазақстанда фармацевтикалық өндірушілерді мемлекеттік қолдауы.....	156
Көлбаев М.Қ. Еуразиялық экономикалық ықпалдастық жағдайындағы шағын инновациялық кәсіпкерліктің дамуы.....	160
Найзағараева А.А., Мусайф М., Ноғайбаева М.О., Құдайқұлов А.Қ. Көлденең кима ауданы сызықты өзгеретін шекті ұзындықтағы екі шеті бекітілген стерженде жылу ағыны әсерінен пайда болатын кернеу мен сығушы күшті табудың вариациялық сандық әдісі.....	167
Бабажанова Ж.А., Жанақова Н.Н. Қоғамның инновациялық дамуының барысында мемлекеттік сатып алу саясатын реттеуінің әлемдік тәжірибесі.....	173
Әбсаттаров Р.Б. Саяси технологиялар: мәні және түрлері.....	180
Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі трансформациялық процесстердің ерекшеліктері жайлы.....	187
Ким А.В., Метакса А.С. Коррупциялық қатерлерді төмендету үшін жобалық басқарудың құралдары мен әдіс-тәсілдерін пайдалану.....	195
Шестаков Ф.В. Конденсаттық теориясы – заңы бойынша өмір сүруге.....	201
Бекмухаметова Қ.М. Табиғатты пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында мемлекеттік уәкілетті органдардың түрлері.....	208
Есекеева А.А. Қазақстан Республикасындағы міндетті агросактандырудың тәжірибесі мен ерекшеліктері.....	213
Қалиева Г.С. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметтің құқықтық негіздері.....	220
Акопова Э.А., Салыхбаева А.Т. Евразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің табиғи объектілерін құқықтық реттеу.....	226
Умбетов М.Н. Қазақстан Республикасында халықаралық деңгейде адам құқығын қорғау.....	231
Салыхбаева А.Т., Нурбекова К.А. Қаржы лизингі ауыл шаруашылық кәсіпкерлірінің жаңа экономикалық саясат шеңберінде «Нұрлы Жол» бағдарламасын жүзеге асыруындағы инвестицияның нысаны ретінде.....	236
Досжан Р.К. Наука и знание как главное условие развития общества и личности.....	243
Есенгельдина А.С. Мемлекеттік басқаруда тәуекел-менеджментін практикалық қолданудың халықаралық аспектілер.....	250
Алымқұлова А.С. Орта-Азиялық аймақтағы мемлекеттердің дамуы үшін интеграциялық үдерістердің рөлі.....	257
Садуақасова С.Ә. Саяси метафоралардың әлеуметтік аспектісі. (Ток-шоу бағдарламалары негізінде).....	262
Бекназаров Б.А. Ұлтымыздың ұраны болған ұлы тұлға Б. Момышұлы және Мұхтар Әуезов.....	269

СОДЕРЖАНИЕ

Научные статьи

Джумадуллаева С.А., Баешов А.Б., Алтынбекова М.О., Абжалов Б.С. Исследование реакции гидразинолизуабутилового эфира трихлоруксусной кислоты в присутствии гетерогенного катализатора.....	5
Суербаев Х.А. Синтез карбоновых кислот карбоксилированием органических соединений диоксидом углерода и его производными.....	11
Кудайбергенова Б.К. Диаграммы направленности петлевой антенны в одноосном кристалле.....	37
Балабеков О.С., Исмаилов Б.Р., Волненко А.А., Исмаилов Х.Б. Математическая модель переноса смеси газа с каплями в контактной зоне массообменного аппарата со спиральными насадками.....	42
Ожикенов К.А., Михайлов П.Г., Касимов А.О., Баянбай Н., Куатканова Ж. Совмещенные датчики физических величин.....	51
Картанова А.Дж., Сулайманова С.М. Моделирование процессов течения газа в областях с перфорированными перегородками.....	60
Баймухаметов А.А., Мартынов Н.И., Танирбергенов А.Г. Механика формирования астеносферного диапиризма с фазовыми переходами.....	67
Мукапил К., Бекетова Г., Жумангалиева Н., Тулемисова В. Угрозы для систем биометрико-нейросетевой аутентификации.....	77
Кенишимов Ч.А., Едилхан Д. Иерархическая темпоральная память: новый подход в распознавании образов.....	81
Надиров Н.К., Солодова Е.В., Кыдыралина Н.Н., Касымкулов А.К. Основные конструкции теплиц и способы электроснабжения с использованием альтернативных источников энергии.....	88
Исаков О.А., Бекмагамбетов С.С. Современные технологии для переработки отходов легкой промышленности.....	98
Есимханова А.К., Акимбекова Г.М., Сабирова Л.Б., Рогов Е.И. Обоснование функции эффективности работы добывающей скважины от времени.....	103
Машеков С.А., Нурахметова К.К. Состояние и перспективы развития производства турбинных лопаток из титановых сплавов за рубежом.....	108
Бараев А., Джанзаков И.И., Жумабаев М.Ж., Кулжатаева К.М., Тулеп А.С. Применения жидкостных ванн для ликвидации прихватов.....	116
Сулейменова Н.Ш., Сагиндыков А.М. Экологические аспекты и морфологические параметры бериккаринского тополя.....	119
Рустемов Д.У., Абдрахманова Г.Т. Анализ птицеводческого сектора Казахстана.....	125
Алымкулов М.С. Анализ проблемы экологической безопасности.....	129
Сейтметова А.М., Талханбаева З.А. Исследование степени загрязняемости воздуха города Туркестан загрязняющими веществами.....	134
Алменова А.А. Эффективность транспортной логистики в аграрном секторе экономики.....	141
Дандаева Б.М. Современное состояние инвестирования и развития сельского хозяйства в Казахстане.....	145
Алменова А.А. Особенности моделирования транспортных работ в аграрном секторе экономики.....	151
Таласов Г.М., Абдрахманова Г.Т. Государственная поддержка фармацевтических производителей в Казахстане.....	156
Кольбаев М.К. Развитие малого инновационного предпринимательства в условиях Евразийской экономической интеграции.....	160
Найзагараева А.А., Мусатиф М., Ногайбаева М.О., Кудайкулов А.К. Вариационный–численный метод нахождения напряжения и прижимающей силы, возникающих в линейно-изменяющей площади поперечного сечения, фиксированной длины, защемленного с двух концов стержне при воздействии теплового потока и теплообмена.....	167
Бабажанова Ж.А., Жанакова Н.Н. Мировой опыт регулирования политики государственных закупок в условиях инновационного развития общества.....	173
Абсаттаров Р.Б. Политические технологий: сущность и типы.....	180
Аюпова З.К., Кусаинов Д.У. Об особенностях трансформационных процессов в правовой системе Республики Казахстан.....	187
Ким А.В., Метакса А.С. Использование инструментов и методов проектного управления для снижения коррупционных рисков.....	195
Шестаков Ф.В. Конденсационная теория – право на жизнь.....	201
Бекмухаметова К.М. Виды государственного уполномоченного органа в сфере природопользования и охраны окружающей природной среды.....	208
Есекеева А.А. Практика и особенности обязательного агрострахования в Республике Казахстан.....	213
Калиева Г.С. Правовые основы инвестиционной деятельности в Республике Казахстан.....	220
Акопова Э.А., Салыхбаева А.Т. Правовое регулирование природных объектов государств - участников Евразийского экономического союза.....	226
Умбетов М.Н. Основные проблемы прав человека на международном уровне в Республике Казахстан.....	231
Салыхбаева А.Т., Нурбекова К.А. Финансовый лизинг как форма инвестиций для предпринимателей в агропромышленном комплексе в рамках реализации новой экономической политики «Нұрлы Жол».....	236
Досжан Р.К. Ғылым мен білім – қоғамның және тұлғаның дамуының негізгі шарты.....	243
Есенгельдина А.С. Международные аспекты практического применения риск-менеджмента в государственном управлении.....	250
Алымкулова А.С. Роль интеграционных процессов в развитии стран центрально-азиатского региона.....	257
Садуакасова С.А. Социальный аспект политических метафор.....	262
Бекназаров Б.А. Прославленные герои казахского народа Б. Момышулы и Мухтар Ауезов.....	269

CONTENTS

Scientific articles

<i>Dzhumadullayeva S.A., Bayeshov A.B., Altynbekova M.O., Abzhalov B.S.</i> Reaction of hydrazinolysis of butyl ester of trichloroacetic acids at presence of the heterogeneous catalyst.....	5
<i>Suerbaev Kh.A.</i> Synthesis of carboxylic acids by carboxylation of organic compounds with carbon dioxide and its derivatives.....	11
<i>Kudaibergenova B.K.</i> Diagrams of loop antenna orientation in the uniaxial crystal.....	37
<i>Balabekov O.S., Ismailov B.R., Volnenko A.A., Ismailov Kh.B.</i> Mathematical model of transfer of gas mix with drops in a contact zone of the mass-exchanged device with spiral nozzles.....	42
<i>Ozhikenov K.A., Mikhailov P.G., Kassimov A.O., Bayanbay N., Kuatkanova J.</i> Combined sensors of physical parameters.....	51
<i>Kartanova A.Dzh., Sulaimanova S.M.</i> Simulation process gas flow in the areas with perforated partition.....	60
<i>Baymukhametov A.A., Martynov N.I., Tanirbergenov A.G.</i> Mechanics of forming asthenosphere diapirism with phase changes.....	67
<i>Mukapil K., Beketova G., Zhumangalieva N., Tulemisova V.</i> Threats for systems of biometrics-neural networks authentication.....	77
<i>Kenshimov Ch., Yedilkhan D.</i> Hierarchical temporal memory: new approach in pattern recognition.....	81
<i>Nadirov N.K., Solodova E.V., Kydyralina N.N., Kasymkulov A.K.</i> The basic construction of greenhouses and methods power supply using alternative energy sources.....	88
<i>Isakov O.A., Bekmagambetov S.S.</i> Modern technologies for processing waste of light industry.....	98
<i>Esimkhanova A.K., Akimbekova A.M., Sabirova L.B., Rogov E.I.</i> Justification of the performance producing wells of time.....	103
<i>Mashekov S.A., Nurakhmetova K.K.</i> Problems of stamping turbine blades made of titanium alloys and ways of solutions.....	108
<i>Baraev A., Dzhanzakov I.I., Zhumabaev M.J., Kulzhataeva K.M., Tulep A.S.</i> Application of liquid baths for liquidation stuck pipe.....	116
<i>Suleimenova N.Sh., Sagindykov A.M.</i> Ecological aspects and morphological qualities of poplar <i>berikkarensis</i>	119
<i>Rustemov D.U., Abdrakhmanova G.T.</i> Analysis of the poultry sector in Kazakhstan.....	125
<i>Alymkulov M.S.</i> Analysis of the ecological safety problem.....	129
<i>Seytmetova A.M., Talkhanbayeva Z.A.</i> Research of degree of air dirt adherence in Turkistan by the polluting substances.....	134
<i>Almenova A.A.</i> Efficiency of transport logistic in agrarian sector of economy.....	141
<i>Dandaeva B.M.</i> Current state of investment and development of agriculture in Kazakhstan.....	145
<i>Almenova A.A.</i> Design features of transport works in agrarian sector of economy.....	151
<i>Talassov G.M., Abdrakhmanova G.T.</i> Government support of pharmaceutical manufacturers in Kazakhstan.....	156
<i>Kolbayev M.K.</i> The development of small innovative business in terms of the Eurasian economic integration.....	160
<i>Naizagaraeva A.A., Musajf M., Nogaibaeva M.O., Kudaykulov A.K.</i> Variation – a numerical method for finding the stress and the pressing force produced by the linear-changing cross-sectional area of fixed length, clamped at both ends of the bar when exposed to heat flow and heat transfer.....	167
<i>Babazhanova Zh., Zhanakova N.</i> World experience of regulation state purchases police in the conditions of innovative development of society.....	173
<i>Absattarov R.B.</i> Political technologies: essence and types.....	180
<i>Ayupova Z.K., Kussainov D.U.</i> About the peculiarities of transformation processes in the legal system of the Republic of Kazakhstan.....	187
<i>Kim A.V., Metaksa A.S.</i> Usage of project management tools and techniques in corruption risks reducing.....	195
<i>Shestakov F.V.</i> Condensational theory – law to live.....	201
<i>Bekmuhametova K.M.</i> Types of state authorized body in the sphere of nature management and environmental protection.....	208
<i>Yesssekeyeva A.A.</i> Practice and especially the mandatory agricultural insurance in the republic of Kazakhstan.....	213
<i>Kalyeva G.S.</i> Legal basis of investment in Kazakhstan.....	220
<i>Akopova E.A., Salykabayeva A.T.</i> Legal regulation of natural objects states parties Eurasian Economic Union.....	226
<i>Umbetov M.N.</i> Basic human rights issues at the international level in Kazakhstan.....	231
<i>Salykabayeva A.T., Nurbekova K.A.</i> Financial leasing as a form of investment for entrepreneurs in agriculture in the implementation of the new economic policy "Nurly Zhol".....	236
<i>Doszhan R.K.</i> Science and knowledge as the main condition for the development of society and individual.....	243
<i>Yesengeldina A.S.</i> International aspects of practical application of risk-management in state administration.....	250
<i>Alymkulova A.S.</i> Role of integration processes in development of the Central Asian region's countries.....	257
<i>Saduakassova S.A.</i> Social aspect of political metaphors.....	262
<i>Beknazarov B.A.</i> Glorified heroes of the Kazakh people B.Momysbullyuly and Mukhtar Auezov.....	269

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

bulletin-science.kz

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. А. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 28.05.2015.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

17,3 п.л. Тираж 2000. Заказ 3.